

ШЖҚ «Облыстық АИТВ-ның алдын алу орталығы» МКК
емдеу мен алдын алу жұмысы және диспансерлеу бөлімі

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қ.

03 желтоқсан 2025 ж.

Қатысқандар: директордың емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары Калиева А.С., бөлім меңгерушісі Аталыкова Б.Р., бөлім қызмекерлері

Күн тәртібінде: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының нормалары туралы

Комплаенс-офицер Г.Д.Салимов: Құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтау және оларды тұтастай жүзеге асыру әрбір азаматтың міндеті болып саналады.

Заңнамалық анықтама бойынша жемқорлық — бұл жауапты мемлекеттік лауазымды адамдардың, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілеттік берілген және оларға теңестірілген тұлғалардың өз қызметтік өкілеттіктері мен мүмкіндіктерін жеке пайда, материалдық немесе материалдық емес артықшылықтар алу мақсатында заңсыз пайдалануы. Оған сондай-ақ осындай пайда мен жеңілдіктерді ұсыну арқылы лауазымды тұлғаларға әсер ету әрекеттері де жатады.

Қарапайым сөзбен айтқанда, бұл — жұмыс міндеттерін ақшалай немесе басқа заттай сыйлықтармен байланыстыру, яғни өз қызметін жеке материалдық пайда табу құралына айналдыру.

Сыбайлас жемқорлық тек лауазымды адамдарға ғана қатысты емес: қаражат немесе басқа да құндылықтар ұсынған тұлға да заң бұзушы ретінде танылады. Сонымен қатар, осы екі жақты байланыстыратын үшінші тұлғаның болуы да мүмкін. Аталған әрекеттердің барлық қатысушылары да заң алдында жауапқа тартылады. Олардың іс-қимылдары әкімшілік және қылмыстық заңдар негізінде бағаланып, тиісті жауапкершілік жүктеледі.

Жалпы алғанда, сыбайлас жемқорлық — саяси даму деңгейіне қарамастан, соның ішінде Қазақстанда да, бүгінгі күнге дейін әлеуметтік құбылыс ретінде сақталып келе жатқан проблемалық мәселе.

Сондықтан жемқорлықпен күресу, оның алдын алу және болдырмау біздің мемлекет үшін маңызды басымдықтардың бірі болып табылады. Осыны естен шығармай, біз де осы міндетті орындауға белсенді үлес қосуымыз керек.

Торағалық етуші:
Комплаенс-офицер:




Калиева А.С.
Салимов Г.Д.